

"Сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 19-3/297 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 18 шілдедегі № 299 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 тамызда № 15545 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 162-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 30.06.2025 № 162-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 19-3/297 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11332 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелердің тізбесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 25-1-жолмен толтырылсын:

"

25-1.	Терісаққан топтық су құбыры
-------	-----------------------------

";

реттік нөмірі 163-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

163.	"Ағадыр" оқшау су құбыры
------	--------------------------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 163-1, 163-2, 163-3, 163-4, 163-5, 163-6, 163-7, 163-8, 163-9-жолдармен толықтырылсын:

"

--	--

163-1.	"Донғал" оқшау су құбыры
163-2.	"Тағалы" оқшау су құбыры
163-3.	"Дария" оқшау су құбыры
163-4.	"Сейфулин кенті (с.Жарық)" оқшау су құбыры
163-5.	"Босаға" оқшау су құбыры
163-6.	"Қарамұрын" оқшау су құбыры
163-7.	"ЛПЗ-811шм (с.Байғара)" оқшау су құбыры
163-8.	"Киік" оқшау су құбыры
163-9.	"Мойынты" оқшау су құбыры

"

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ж. Қасымбек

" " 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов

" " 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ Қ. Бозымбаев

" " 2017 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК